

**2020 жылдың желтоқсан айының 18 күні Дүйсенбай Рахметов  
атындағы жалпы орта мектебі бойынша құрылған «Қамқоршылық»  
кеңесінің кезектен тыс отырысының  
хаттамасы**

**Қатысқандар:9**

**Қатыспағандар: 4**

**Мектеп директоры К.Б. Жапаров**

**ОІОЗ.Ғ. Ойранбекова**

**ДТЖО Абылкасова Б.К**

**Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Нығметова Қ.З**

**Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:**

**Турбало М., Ильдин Р.Қ, Акимбеков Е.К Сембекова А.Д.**

**Әлеуметтік педагог Бекмағанбетова М.Ж**

**Ата-аналар комитеті төрайымы Ж.М. Ибраева**

**Күнтәртібінде:**

1. Мектептегі жаңа жылдық мерекенің ұйымдастырылуы туралы
2. Оқытудың жаңартылған мазмұны. («Күнделік» электронды мектеп журналдарын ұстау, критериалды бағалау жүйесі туралы, қосымша білім беру ерекшеліктері) аясында ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы
4. Балалардың қауіпсіздігін ұйымдастыру, балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын –алу. Әлеуметтік педагог Бекмағанбетова М.Ж

**Тыңдалды**

1. Мектеп директоры К. Б. Жапаров мектептегі жаңа жылдық мерекенің ұйымдастырылуы туралы

**2. ОІЖО З.Ғ. Ойранбекова** Оқытудың жаңартылған мазмұны («Күнделік» электронды мектеп журналдарын ұстау, критериалды бағалау жүйесі туралы, қосымша білім беру ерекшеліктері) аясында ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы айтып өтті. Мұғалімдердің орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті біліктері мен дағдылары қалыптасқан. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша мұғалімдер біліктілігін арттыру курсынан өтті. /Ақпарат қосымшаға жалғанды 2 бет/

3. Әлеуметтік педагог Бекмағанбетова М.Ж. Балалардың қауіпсіздігін ұйымдастыру, балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын –алу. «Қауіпсіз мектеп» акциясының жүру барысы. /Ақпарат қосымша жалғанды 2 бет/

**Сөйлеушілер: Мектеп директоры К. Б. Жапаров**

Білім мен тәрбие негізінің мектептен бастау алатыны, яғни, осы бағыттағы үрдістің ата-ана, мектеп, мұғалім үштігі болып бірге жұмыс жүргізгенде ғана жүзеге асатыны белгілі. «Балалардың қауіпсіздігін ұйымдастыру, балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын –алу жұмыстары арнайы іс-шаралар жоспары жасақталып, жоспарлы түрде көптеген шаралар алынды. Қазіргі уақытта күрделі мәселе отбасындағы зорлық-зомбылықтың көбеюі. Аталған мәселе бойынша ата-аналар жиналысы, педкеңес т.б жиналыстарда күн тәртібіне қойылып, арнайы қаралып отыр. Бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруда қосымша білім беру ұйымдары жанынан ашылған мектеп оқушылары домбыра, бокс, волейбол, баскетбол т.б сияқты үйірмелерге қатысып жүр. Келесі мәселе мектептегі жаңа жылдық мерекені ұйымдастыру бойынша Баянауыл ауданының білім беру бөлімінен келіп түскен бұйрығына сәйкес ата-аналарды жаңа жылдық бір келкі киім киюге мәжбүрлемеу. Ата –аналардың әлеуметтік жағдайына барынша қадағалау керектігін басты назарда айтылды. Түсіндірме жұмыстарын жүргізу ТІМ Абылкасоваға жүктелді. Қауіпсіздік шараларын алдын –алу мақсатында пиротехникалық өнімдерін пайдаланбау, соның салдарынан балалар арасында ауыр жарақаттарға әкеп соқтыруы мүмкін. Ата-аналар тарапынан жеткіліксіз бақылауының нәтижелерінде кәмелетке толмағандардың жиі жарақаттануы мектеп әкімшілігі алдын- ала ескеріп отыр. Ата-аналарға қауіпсіздікті алдын- алу бойынша брошюра әзірлеп оқушыларға тарату әлеуметтік педагог Бекмағанбетова М.Ж. жүктелді.

**Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Сембекова А.Д.**

Күн тәртібінде қаралған мәселелерді тыңдадық. Оның ішінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің мектепте болған уақыттағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үнемі күн тәртібінен түспеуі тиіс.

Балалардың себепсіз сабақ қалдырмауын, бос уақытын тиімді пайдалану жолдарын қарастыру, ата-аналар тарапынан бақылау, қадағалау жүргізу керек.

**Ұсыныс: Жаңа жылдық мерекелерді кезекшілік ұйымдастырылсын.**

**Шешім:**Күн тәртібінде қаралған мәселелер бақылауға алынсын.

Мектеп директоры

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Хатшы

К.Б. Жапаров

Нығметова Қ.З

Абылкасова Б.К

**«Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің  
Дүйсенбай Рахсетов атындағы жалпы орта білім беру мектебі» КММ  
2020-2021 оқу жылы  
Қамқоршылық кеңесінің кезектен тыс  
отырысының хаттамасы №1**

Күні, айы жылы 27.11.2020 ж.

Қатысқандар :

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы **К.З. Ныгметова**

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

**Б. Балтажанова**

**М.Е Мұхтар**

**Б. Оспанова**

**А.Д. Сембекова**

**Қ.М. Бейсенбаев**

Мектеп директоры **К.Б. Жапаров**

ТІМ **Абылқасова Б.К**

Әлеуметтік педагог **М.Ж. Бекмағанбетова**

Қатыспағандар : жоқ

Күн тәртібінде :

1. Бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Әлеуметтік педагог **М.Ж. Бекмағанбетова** есебі
2. Мектепке келген нәтбук және планшеттерді әлеуметтік санаттарына байланысты оқушыларға беру **Мектеп директоры К.Б. Жапаров**

**Тыңдалды:**

Бала қауіпсіздігі жөнінде сөз алған әлеуметтік педагог **М.Ж. Бекмағанбетова** Ақсан ауылдық округіне қарасты Ақсан және Жалғызқайың ауылдарының мөлтек аудандары араланып, «Қауіпті аймақтар» белгіленіп, ескертпе тақтайшалары рейд мүшелері туралы тарапынан орналастырылды. Қауіпті аймақтар туралы ескерту ата-аналар чатына салынды. «Құқықтық сауаттылық заман талабы» тақырыбында халықты құқықтық хабардар ету, ата-аналардың міндеттері туралы түсіндіру, балалардың құқықтарын сақтау туралы ата-аналар жиналысы өтті. Жиналыста Мектеп директоры **К.Б. Жапаров** індет кезіндегі бала және ата-ана құқықтары туралы жан-жақты айтылды. «Зорлық- зомбылыққа жол жоқ! тақырыбында сынып сағаттары өткізілді, жаднамалармен таныстырылды. «Қауіпсіз балалық шақ» тақырыбында 3-8 сыныптар арасында сурет байқауы ұйымдастырылып, 5-9 сыныптар арасында «Буллинг және кибербуллингтан сақ болайық» тақырыбында

сағаттары өткізіліп, әлеуметтік желілеріне салынған жұмыстар атқарып жатқанын айтып өтті.

**Екінші мәселе** бойынша сөз алған мектеп директоры Жапаров К.Б. мектепке 55 нэтбук және 7 планшет келгендігі туралы айтты. Енді бұл техниканы оқушылардың әлеуметтік санаттарына және жазған өтінішіне байланысты үлестіріп берілетіндегі туралы айтты.

Мектеп бойынша әлеуметтік санаттары көпбалалы отбасы, АСП (аз қамтылған отбасы), Толық емес отбасы, «Д» есепте тұрғандар, Туб вираж осы санаттағы отбасылардың балаларына берілетін болады. Нэтбуктар, планшеттер уақытша қолданысқа беріледі. Жыл соңында мектеп базасына қайта қайтарылады. Қажет болған жағдай ата-ананың өтінішіне сәйкес алуға болатындығын ескертті. Мектептің әлеуметтік санаттарын қайта қаралып, таныстырылып бекітілді. Жауапкершілік яғни антивирус салу, ұқыпты қарау алған тараптан болатындығын ескертілді.

### **Шешімі:**

1. Мектепке келген нэтбук және планшеттерді әлеуметтік санаттарына байланысты оқушыларға ата-ананың жазған өтінішіне сәйкес беру.
2. Әр нэтбук пен планшеттің жұмыс істеп тұрғандығын тексеру, қабылдап алу актісін толтыру инженер Мұхамеджан Ж.Б және лаборант Альжанов Д.К жүктелсін.
3. Нэтбуктар мен планшеттерге инвентарь номерін қою шаруа ісінің меңгерушісі Б.М. Бейсенбаевқа жүктелді

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы К.З. Ныгметова



Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:

Б. Балтажанова



М.Е Мұхтар



Б. Оспанова



А.Д. Сембекова



ШІМ Қ.М. Бейсенбаев



Мектеп директоры К.Б. Жапаров




ТІМ Абылкасова Б.К



Әлеуметтік педагог М.Ж. Бекмаганбетова



инженер Мұхамеджан Ж.Б



лаборант Альжанов Д.К



**Қамқоршылық кеңес отырысының  
№ 2 хаттамасы**

**Дүйсенбай Рахметов атындағы жалпы орта білім беру мектебі»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Өткізілген уақыты:** 2.09.2020 жыл

**Өткізілген орны:** Директор кабинеті

**Отырыстың басталуы:** 11.00 сағ.

**Отырыстың аяқталуы:** 12.30 сағ.

**Отырыстың төрайымы:** Нығметова К.З

**Қатысқандар:** Мектеп директоры – Жапаров К.Б

Ата-аналар комитетінің төрайымы – Ибраева Ж.М

Тәрбие ісінің меңгерушісі – Абылкасова Б.К , Әлеуметтік педагог

Бекмағанбетова М.Ж

Кеңес мүшелері А.Д. Сембекова,

**Қатыспағандар:** Жоқ

**Шақырылғандар:** жоқ

**Күн тәртібінде қаралған мәселелер:**

1.Қамқоршылық Кеңесінің 2020-2021 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту;

2.Білім беру мекемелеріндегі Қамқоршылық Кеңесінің құрамын жаңадан сайлау және бекіту;

3.Мектеп Жарғысымен таныстыру;

4.«Мектепке жол» акциясына қатысып, азқамтылған отбасыларына көмек ұйымдастыру;  
Сөз сөйлегендер:

1-мәселе бойынша Сембекова А.Д. –қамқоршылық кеңесінің төрайымы алғаш сөз алды. 2020-2021 оқу жылындағы жаңалықтар туралы айтылды. Жаңа оқу жылында жаңартылған білім мазмұны бағдарламасына өткен оқу жылындағы сыныптар жалғастырылып жатқандығы. Өткен оқу жылының соңында мектепте демеушілік есеп шоты ашылғандығы айтылды. Ешқандай қаражат түспегендігі де айтылды. Қанша жиналыстарға қатысып, ата-аналарды хабардар еткенмен демеушілік қорға ақша салуға ниеттенген адамдар болмады. Бірақ киім кешек жағынан мектепке жол акциясына қатысып киім алып беретіндер болды. Сондай-ақ Дүйсенбай Рахметов атындағы жалпы орта білім беру мектебіндегі Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарын талқылап, бекітуді ұсынды. Қамқоршылық кеңесінің жалпы жоспарында жалпы мектеп оқушыларымен қамқорлық көрсете отырып, аз қамтылған жанұяларға да көмек көрсету, «мектепке жол» акциясын ұйымдастыруға ат салысу бөлімдерінен тұратындығын айта кетті. Өткен оқу жылындағы қамқоршылық кеңесі жұмысын талқылай келе, осы оқу жылындағы міндеттерді де айтты. Осы оқу жылында қамқоршылық кеңесі жұмысын жандандырып, ресми тіркеуден өту үшін бірігіп жұмыстануға шақырды.

2– мәселе бойынша Әлеуметтік педагог қамқоршылық кеңесі ережелерімен таныстырды. 2017жылдың 27 шілдеде №355 бұйрығы бойынша қызмет етіп, жалпы ережелер мен заңдылықтарға бағынатындығын да айта кетті. Жалпы ережелер мен қамқоршылық кеңесінің төрайымын сайлау туралы айта келіп Мектеп директоры К.Б. Жапаров қайта сайлау немесе бекіту туралы да айтты. Дегенмен барлық қамқоршылық кеңесі мүшелері бір ауыздан Нығметова К.З төрайымы болуын қолдады. Осы оқу жылында қамқоршылық кеңесі саны артып 9 мүшелік болып ережеге сай бекітілгендігі және қамқоршылық кеңесінің хатшысы мүше бола алмайды деп мектептің әлеуметтік педагогы

Бекмағанбетова М.Ж бекітілді. Жаңа құрамы төмендегі тізімдегідей болып бекітілді. Нығметова К.З - Қамқоршылық Кеңесі төрайымы, Ильдин Р.К - Қамқоршылық Кеңесі мүшесі, Акимбеков Е.К -Қамқоршылық кеңесі мүшесі, Абилов Г.М - Қамқоршылық Кеңесі мүшесі, Оспанова Б. -Қамқоршылық Кеңесі мүшесі, Мұхтар М.Е -Қамқоршылық кеңесі мүшесі, Сембеков Б.Д -Қамқоршылық кеңесі мүшесі, Балтажанова Б - Қамқоршылық Кеңесі мүшесі, Сембекова А.Д -Қамқоршылық Кеңесі мүшесі, Бекмағанбетова М.Ж -хатшы

3-мәселе бойынша Аға тәлімгер Бекмағанбетова М.Ж сөз алды. Мектептегі мектеп жарғысына жазылған ережелермен және «Білім» заңында көрсетілген оқушыға қойылатын талаптарды сақтауды, яғни мектеп формасының сақталуын қолдайтындықтарын айтты. Оқушы үшін әрі қолайлы, ата-ана үшін артық шығынсыз, оқушыны мектеп жасынан мәдениеттілікке тәрбиелейді деп айта кетті. Мектеп формасының сақталуын қадағалау үшін қамқоршылық кеңесі мүшелері қажетті жағдайда мектепте оқушылардың мектеп формасын үнемі киіп жүруін кезекшілік ұйымдастырып, қадағалауға да қарсы емеспіз деді. Мектепшілік шараларда қажетті деңгейде өтуі үшін қамқоршылық кеңес қолда бар материалдық көмектерін аямаймыз деп те қолдай білдірді. Қалталы азаматтар немесе жүрегі жылы қолы ашық азаматтарды да қамқоршылық кеңесі арқылы айтып көмек керек болған жағдайда жиналып бірігіп шешім қабылдаймыз деп жатты.

ТЫҢДАЛДЫ: Нығметова К.З (Қамқоршылық кеңес төрайымы) өз сөзінде, «Мектепке жол» акциясы шеңберінде барлық көмекке мұқтаж отбасыларды анықтау, ол отбасылардың әлеуметтік қажеттіліктерін анықтап көмектер беру, мектеп компьютерлерін уақытша аз қамтылған отбасыларына беру мүмкіндіктерін қарастыру, мәселесін талқылау керектігін айтып өтті..

СӨЗ АЛДЫ: К.Б. Жапаров (мектеп директор) «Мектепке жол» акция шеңберінде 3 қыз балаға және 2 ұл балаға 17.08 күні демеуші тарапынан мектеп құралдарын бергенін айтып, ендігі мәселе елімізде жалпы дүние жүзін жалмап жатқан пандемия Коронавирус, COVID-19 ауруының өршуіне байланысты мектебіміздің 1-11 оқушылары кезекші сынып штаттық режим бойынша мектепте санитарлық жағдайды сақтай отырып оқитындарын жеткізді.

Қаулы:

- 1.Қамқоршылық кеңесінің 2020-2021 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін; Қамқоршылық Кеңесінің төрайымы Нығметова К.З және хатшы Бекмағанбетова М.Ж және Дүйсенбай Рахметов атындағы ЖОББМ-нің қамқоршылық кеңесінің құрамы 9 адам болып бекітілсін;
2. санитарлық талаптың сақталуын ата –ана және қамқоршылық кеңесі мүшелері тарапынан қадағалансын;
3. «Мектепке жол» акциясына белсене қатысу, қажетті жағдайда барынша азқамтылған отбасыларына көмек көрсетілсін;

Қамқоршылық кеңес төрайымы:  Нығметова К.З

Хатшы:  Бекмағанбетова М.Ж

**Дүйсенбай Рахметов атындағы жалпы орта білім беру мектебі**  
**Қамқоршылық кеңес отырысына**  
**хаттама № 1**

**Күні: 11.08.2020 ж.**

**Қатысқандар: Мектеп әкімшілігі,  
9 қамқоршылық кеңесінің мүшелері**

**Қатыспағаны: жоқ.**

**Күн тәртібіндегі мәселелер:**

- 1.2020- 2021 оқу жылындағы қамқоршылық кеңес жұмысын ұйымдастыру;**
- 2. «Қамқорлық » акциясының ұйымдастырылуы, Материалдық көмекке мұқтаж оқушыларды анықтау**

**Тыңдалды:**

-Бірінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің жылдық жоспарымен де таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңес міндетінің бірі – мектепке демеушілік және қайырымдылық көмек түрінде бюджеттен тыс қаржы тарту болып табылады. Білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестерінің қызмет тиімділігі– бұл бюджеттен тыс қаржыны тартудың тиімді, заңдылықты сауатты инструменті ғана емес, сонымен қатар, мектепке, педагогикалық ұжымға және оқушыларға көмек көрсетудің ең тиімді тәсілі, - деп сөзін аяқтады.

- **Екінші мәселе бойынша,** Әлеуметтік педагог Бекмағанбетова М.Ж . өз сөзінде «Баянауыл ауданы білім бөлімінің Дүйсенбай Рахметов атындағы жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 01.08.2020 жылғы «Мектепке жол» жалпы республикалық қайырымдылық акциясын ұйымдастыру және өткізу туралы №03-3213 хатына сәйкес. Аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан, жетім балалар мен ата – анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауын алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету мақсатында ағымдағы жылдың 1 тамызы мен 30 қыркүйек аралығында «Мектепке жол» дәстүрлі жыл сайынғы республикалық акциясы өткізілді. Биылғы жылы акция әлеуметтік бағыттағы «Менің таңдауым – балаларға көмек көрсету!» атты ұранмен өтіп жатыр. Осы ауқымды іс-шараға бұйрық шығарылып, жоспары бекітілді. Бұл акцияның мақсаттары мен міндеттері туралы халықта ақпараттандыру, ауылымыздың көпшілік жерлеріне үндеу хаттар түрінде бұрыштар құрылып, шаруашылық қожалықтар мен ұйымдарға осы акцияға қатысу туралы үндеу шығарылып, таратылғандығы туралы айтты. Жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауын алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету мақсатында рейд жүргізілді. Ең бірінші жартылай жетім, аз қамтылған, көпбалалы отбасыларға барып, қай баласы неге мұқтаж екендігін бақылап, содан кейін басқа да үйлерді араладық. Барлығына оқу құралдары, мектеп формасы, спорттық киімдері мен аяқ киімдер керектігі анықталды. Олар 3- сынып оқушысы Төлеген Ғабдулманап – оқу құралдары, Мейрамғалиқызы Фатима –Оқу құралдары, Мейрамғали Ибраһим – Мектеп формасы, Қайыржан Қайрат – Оқу құралдары мен мектеп формасы керектігі анықталды.


**Шешімі:**

- 1.Қамқоршылық кеңес жұмысы жоспарға сәйкес жүргізіліп, жандандырылсын;

2.«Мектепке жол» акциясы қарсаңында аз қамтылған, жартылай жетім және көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларға көмек көрсету үшін демеушілермен жақын қарым – қатынас орнатылсын;

3.Жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауын алдын алу үшін материалдық және басқа да көмек көрсету мақсатында рейд жұмысы жандандырылсын;

**Қамқоршылық кеңесінің  
төрайымы  
Қамқоршылық кеңесінің мүшелері**



**Нығметова К.З**

**Ибраева Ж.М  
Бейсембаев К.М  
Мұхтар М.Е  
Оспанова Б.  
Балтажанова Б.Б  
Бекмағанбетова М.Ж  
Абилов Г.М  
Сембекова А.Д**

**Хатшы**



**Б.К Абылкасова**